


# Panasonic®

## Пайдалану нұсқаулары

Сандық сымсыз стерео Құлақаспап

Үлгі № RP-NJ310B



 **Bluetooth®**

Осы өнімді сатып алғаныңызға рахмет.

Өнімді пайдаланбас бұрын оны нұсқауларды мұқият оқып шығып, нұсқаулықты кейінгі пайдалану үшін сақтаң қойыңыз.

# Қауіпсіздік шаралары

## ■ Құрал

### ЕСКЕРТУ:

- Әрт шығу, электр тогы соғу немесе өнімнің зақымдалу қаупін азайту үшін,
- Осы құралға жанбыр, ылғал тиіп кетуіне, сұйықтықтардың тамшылауына немесе шашырауына жол берменіз.
  - Құралдың үстінен гұлсауыт сияқты сұйықтықпен толтырылған заттарды қоймаңыз.
  - Ұсынылған керек-жарақтарды пайдаланыңыз.
  - Қақпақтарды алмаңыз.
  - Бұл құралды өз бетінше жәндеуге болмайды. Қызмет көрсету бойынша білікті қызмет көрсету маманына жүгініңіз.
  - Ақаулық пайда болса, құрылғыны пайдалануды тоқтатыңыз, бірақ өзгерпеніз не жөндеменіз.

### Келесі жағдайларда пайдаланбаңыз

- Пайдалану, сақтау немесе тасымалдау кезіндегі жоғары немесе төмен шекті температуралар.
- Батареяны отқа немесе ыстық духовкаға лақтыру, я болмаса батареяны механикалық жолмен жару немесе кесу. Бұл жарылысқа әкелуі мүмкін.
- Тұтаныш сұйықтықтың немесе газдың жарылысына немесе ағуына әкелуі мүмкін өте жоғары температура және/немесе өте төмен ауа қысымы.

• Бұл құралды жылу көздерінің жанында пайдалануға немесе орналастыруға болмайды.

• Қауіпсіздік үшін қоршаған орта дыбыстарын (мысалы, теміржол өткелдерінде және құрылыш алаңдарында) есту қажет жерлерде бұл құрал арқылы жоғары дыбыс деңгейіндегі музыканы тындаңыңыз.

### ■ Құлаққап жастықшалары

- Құлаққап жастықшаларын балалар жұтып қоймас үшін, қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.
- Құлаққап жастықшаларын қауіпсіз түрде бекітіңіз. Егер шығарғаннан кейін құлақ ішінде қалып кетсе, жақақат немесе ауруға себеп болуы мүмкін.

### ■ Аллергиялар

- Теріге тікелей тиетін құлаққапты немесе басқа бөліктерін пайдалану кезінде өзінізді жайсыз сезінсеніз, оларды пайдалануды тоқтатыңыз.
- Үздіксіз пайдалану берптіе немесе басқа да аллергиялық реакцияларды тудыруы мүмкін.

### ■ Құлаққаппен тыңдау кезіндегі сақтық шаралары

- Құлаққап мен құлаққап жастықшаларынан шығатын шамадан тыс дыбыс қысымы есту қабілетінің нашарлауына себеп болуы мүмкін.
- Құлаққапты жоғары дыбыс деңгейінде пайдаланбаңыз. Есту мүшелерінің дәрігер-мамандарының кеңесі бойынша, музыканы үздіксіз әрі ұзақ уақыттыңындаған дұрыс.
- Егер құлағыныңда қонырау дыбысын естісініз, дыбыс деңгейін азайтыңыз немесе пайдалануды тоқтатыңыз.
- Моторлы көлік құралдарын жүргізген кезде пайдаланбаңыз. Ол жол қозғалысы қаупін тудыруы мүмкін және көптеген аймақтарда занғызы болып табылады.
- Қауіпті болуы мүмкін жағдайларда өте сақ болуыңыз керек немесе пайдалануды уақытша тоқтатуыңыз керек.

Бұл құралға пайдалану кезінде мобиЛЬДІ телефондардан туындастын радио кедергісі әсер етуі мүмкін. Егер мұндан кедергі пайда болса, осы құрал мен мобиЛЬДІ телефон арасындағы қашықтықты ұзартыңыз.

Компьютерге қосылған кезде, тек берілген USB зарядтау сымын пайдаланыңыз.

Бұл құрал қалыпты және тропикалық климатта пайдалануға арналған.

# **Bluetooth® туралы**

Panasonic компаниясы деректерді сымсыз тасымалдау кезінде бұлғынген деректер және/немесе ақпарат үшін жаупты емес.

## **■ Пайдаланылған жиілік ауқымы**

Бұл құрал 2,4 ГГц жиілік ауқымын пайдаланады.

## **■ Осы құралдың сертификаты**

- Бұл құрал жиілік шектеулеріне сәйкес келеді және жиілік заңдарына негізделген сертификаты бар. Сондайттан, сымсыз байланысқа рұқсат алудың қажеті жоқ.
- Төмөндегі әрекеттер кейбір елдерде заңмен қудаланады:
  - Құралды бөлшектеу/өзгерту.
  - Техникалық сипаттама көрсеткіштерін жою.

## **■ Пайдалану шектеулери**

- Деректерді сымсыз тасымалдау және/немесе Bluetooth® функциясы бар құрылғылардың барлығын пайдалануға кепілдік берілмейді.
- Барлық құрылғылар Bluetooth SIG, Inc. компаниясының тарапынан белгіленген стандарттарға сәйкес келуі тиіс.
- Құрылғының техникалық сипаттамалары мен параметрлеріне байланысты, ол қосылмауы мүмкін немесе кейбір операциялар басқаша болуы мүмкін.
- Бұл құралда Bluetooth® қауіпсіздік мүмкіндіктеріне қолдау көрсетіледі. Бірақ пайдалану ортасына және/немесе параметрлерге байланысты, бұл қауіпсіздік жеткіліксіз болуы мүмкін. Деректерді бұл құралға абайлас тасымалдаңыз.
- Бұл құрал арқылы деректерді Bluetooth® құрылғысына тасымалдау мүмкін емес.

## **■ Пайдалану ауқымы**

Құралды 10 м-лік максималды ауқымда пайдаланыңыз.

Қоршаған орта, бөгеттер немесе кедергілерге байланысты ауқым азауы мүмкін.

## **■ Басқа құрылғылардан туындаитын кедері**

- Құрал басқа Bluetooth® құрылғыларына немесе 2,4 ГГц ауқымды пайдаланатын құрылғыларға тым жақын орналасқан жағдайда, радиотолқындардың кедергісіне байланысты құрылғының дұрыс жұмыс істемеү және шу мен дыбыстың үзіліп шығуы сияқты ақаулықтар туындауда мүмкін.
- Жақын жердегі радиохабар тарату станциясында және т.б. туындаитын радиотолқындар тым күшті болса, бұл құрал дұрыс жұмыс істемеү мүмкін.

## **■ Мақсатты пайдалану**

- Бұл құрал қалыпты әрі жалпы пайдалануға ғана арналған.
- Бұл жүйені радиожиілік кедергісіне сезімтал жабдықтың жаңында немесе ортада пайдаланбаңыз (мысалы: әуежайлар, ауруханалар, зертханалар, т.б.).

# Мазмұны

Қауіпсіздік шаралары .....	2
Bluetooth® туралы .....	3

## Пайдаланар алдында

Керек-жарақтар .....	5
Техникалық қызмет көрсету .....	5
Бөлшекте атапары .....	6

## Дайындау

Зарядтау .....	7
Қуатты қосу/өшіру .....	8
Құлаққапты кио әдісі .....	8
Bluetooth® құрылғысын қосу .....	9
• Қосылым үшін осы құралды Bluetooth® құрылғысымен жүптастыру (tirkkey) .....	9
• Жүптастырылған Bluetooth® құрылғысын қосу .....	10

## Пайдалану

Музыка тыңдау .....	11
• Қашықтан басқару .....	11
Телефон арқылы қоңырау шалу .....	12
Пайдалы функциялар .....	13
• Дауысты функцияны белсендіру .....	13
• Нұсқау беретін хабарлар .....	13
• Батарея қуатының деңгейі туралы хабарландыру .....	13
• Автоматты түрде өшіру .....	13
• Құралды қалпына келтіру .....	13

## Басқа

Зауыттық параметрлерді қалпына келтіру .....	14
Авторлық құқық және т.б. .....	14
Ақаулықтарды жою .....	15
• Дыбыс және аудио деңгейі .....	15
• Bluetooth® құрылғысының қосылымы .....	15
• Телефон қоңыраулары .....	15
• Жалпы .....	16
• Құат көзі және зарядтау .....	16
• Нұсқау беретін хабарлар .....	16
Техникалық сипаттамалар .....	17
Осы құралды қоқысқа тастау кезінде батареяны алу үшін .....	18

## Осы құжатта пайдаланылатын өрнектер

- Сілтемесі бар беттер “→ ○○” ретінде көрсетіледі.
- Өнімнің суреттері нақты өнімнен басқаша болуы мүмкін.

## Керек-жарақтар

Берілген керек-жарақтарды тексеріп, анықтаңыз.

**1 x USB зарядтау сымы**

**1 x Құлаққап жастықшалары жиынтығы (L, S)**

• M (Орташа) өлшемді құлаққап жастықшалары сатып алу кезінде қоса беріледі.

## Техникалық қызмет көрсету


Бұл құралды құрғақ әрі жұмысқа шүберекпен тазалаңыз.

• Құрамында бензин, еріткіш, спирт, ас үйге арналған жұғыш құрал, химиялық тазартқыш және т.б. заттар бар ерітінділерді пайдалануға болмайды. Бұл сыртқы корпустың майысусына немесе жабынның алынып кетуіне себеп болуы мүмкін.

Батарея өнімділігін сақтау

• Ұзақ уақыт бойы пайдаланбаған кезде, бұл құралды батарея өнімділігін сақтау үшін 6 айда бір рет толық зарядтаңыз.

# Бөлшек атаулары



**A** Сол құлаққап

**B** Оң құлаққап

**C** Қашықтан басқару құралы

1 Құлаққап жастықшасы

2 Батарея корпусы

3 Сол жақты көрсететін көтерілген нүктө

4 Жарық диодты индикатордың жарығы<sup>\*1\*2</sup>

5 Микрофон

6 USB қақпағы

7 Зарядтау клеммасы (DC IN)

- Зарядтау кезінде USB қақпағын ашып, USB зарядтау сымын (берілген) осы клеммада қосыңыз. (→ 7)

8 [+] түймесі

9 [①] түймесі

10 [-] түймесі

\*1 Бұдан берілген “Жарық диоды” деп аталады

\*2 Жарық мысалдары/жыптылықтау үлгілері

Жарық (қызыл түс):	Зарядтауда
Кезекпен көк және қызыл түспен жыптылықтау:	Bluetooth® құрылғысын жұптастыру (тіркеу) күту режимінде
Баяу жыптылықтау (көк түс) <sup>*3</sup> :	Bluetooth® қосылымы күту режимінде
2 секунд сайын екі рет жыптылықтау (көк түс) <sup>*3</sup> :	Bluetooth® құрылғылары жұптастырылды (тіркелді) немесе қоңырау шалынуда
Жыптылықтау (көк түс) <sup>*3</sup> :	Қоңырау қабылдануда

\*3 Батареяның қуаты төмендегендеге, ол қызыл түспен жыптылықтайты. (→ 13, “Батарея қуатының деңгейі туралы хабарландыру”)

# Зарядтау

Қайта зарядталатын батарея (құралда орнатылған) бастапқыда зарядталмаған күйде болады. Құралды пайдаланбас бұрын, батареяны зарядтаңыз.

## 1 USB қақпағын ашыңыз.

- USB қақпағы ылғал болса, оны ашпас бұрын, сұртіп алыңыз.

## 2 USB зарядтау сымы арқылы осы құралды компьютерге қосыңыз.

**A:** Жарық диоды


**B:** USB зарядтау сымы (берілген)

- Клеммалардың бағытын тексеріп, оларды тік ұстап штепсельге қосыңыз/ажыратыңыз. (Егер клемма қисайтылған күйде немесе дұрыс емес бағытта қосылса, оның майысып кету себебінен ақаулық туындауды мүмкін.)

**C:** Компьютер

- Компьютерді алдын ала қосыңыз.

- Зарядтау кезінде жарық диоды қызыл түспен жанады. Зарядтау процесі аяқталғанда, жарық диоды сөнеді.
- Бос батареяны толтығымен зарядтау шамамен 2 сағат алады.




## 3 USB қақпағын мықтап жауып қойыңыз.

### ■ Назар аударыңыз

#### Зарядтау клеммасын су қолмен ұстамаңыз.

- Егер зарядтау клеммасына тер немесе сұйықтық тиген болса, ақаулық пайда болуы мүмкін.



### Ескертпе

- 10 °C - 35 °C аралығындағы бөлме температурасында зарядтаңыз. Осы температура ауқымынан тыс болған жағдайда, зарядтау процесі тоқтатылып, жарық диоды сөнү мүмкін.
- Зарядтау кезінде қуатты қосуға немесе Bluetooth® құрылғыларына қосылуға болмайды.
- Берілген зарядтау сымынан басқа ешқандай USB зарядтау сымдарын пайдаланбаңыз. Бұл ақаулыққа әкеleуі мүмкін.
- Егер компьютер күту режимінде немесе үйқы режимінде болса немесе қосылса, зарядтау орындалмауы мүмкін немесе тоқтауы мүмкін.

## Қуатты қосу/өшіру


Қуаттың өшірүлі күйінде, осы құралдың [Φ] түймесін жарық диоды (көк түс) жыптылықтаганша, шамамен 3 секунд басып тұрыңыз.

- Дыбыстық сигнал шығып, жарық диоды (көк түс) баяу жыптылықтайды.

### ■ Қуатты өшіру үшін

[Φ] түймесін шамамен 3 секунд басып тұрыңыз. Ағылшын тіліндегі нұсқау беретін хабар естіледі де, қуат өшеді.

- Аудио нұсқауды ағылшын тілінен француз тіліне аудыстыруға болады. (→ 13)



### Ескертпе


• Құрал Bluetooth® құрылғысына қосылмаса, оны пайдалануды тоқтатқаннан бастап шамамен 5 минуттан кейін құрал ағылшын тіліндегі нұсқау беретін хабар естіліп, құрал автоматты түрде өшеді. (→ 13, "Автоматты түрде өшіру")

- Аудио нұсқауды ағылшын тілінен француз тіліне аудыстыруға болады. (→ 13)

## Құлаққапты кию әдісі

Сол жақ құлаққаптың суретте көрсетілгендей көтерілген нүктесі бар.

- M (Орташа) өлшемді құлаққап жастиқшалары сатып алу кезінде қоса беріледі. Егер олардың өлшемі дұрыс болмаса, S (Кіші) немесе L (Үлкен) өлшемді құлақшаларға (берілген) аудыстырыныз.



# Bluetooth® құрылғысын қосу

## Дайындау

- Құралды Bluetooth® құрылғысынан шамамен 1 м қашықтықта орнатыңыз.
- Қажет болса, құрылғының жұмысын пайдалану нұсқаулары арқылы тексеріңіз.

## Қосылым үшін осы құралды Bluetooth® құрылғысымен жұптастыру (тіркеу)

### 1 Қуаттың өшірүлі күйінде, осы құралдың [①] түймесін жарық диоды жыптылықтағанша басып тұрыңыз.

Құрылғыны алғаш рет жұптастыру кезінде: шам. 3 секунд

Екінші немесе одан кейінгі құрылғыларды жұптастыру кезінде: шам. 5 секунд


• Қурал қосылым үшін Bluetooth® құрылғысын іздеуді бастайды және жарық диоды кезекпен көк және қызыл түспен жанады.

### 2 Bluetooth® құрылғысының қуатын қосып, Bluetooth® функциясын қосыңыз.

### 3 Bluetooth® құрылғысының мәзірінен “RP-NJ310B” таңдаңыз.

- “RP-NJ310B” көрсетілмес бұрын, MAC мекенжайы көрсетілуі мүмкін (көрсетілетін әріптік-сандық таңба жолы, құрылғы үшін бірегей).
- Егер құпиясөзді енгізу сұралса, осы құралдың “0000 (төрт нөл)” құпиясөзін енгізіңіз.

мысалы



### 4 Құралдың Bluetooth® құрылғысымен қосылымын тексеріңіз.

• Құрылғымен қосылым аяқталғанша, жарық диоды кезекпен көк және қызыл түспен жанады. Жарық диоды (көк түс) шамамен 2 секунд сайын екі рет жыптылықтаған кезде, жұптастыру (тіркеу) аяқталады. (Қосылым орнатылды)

## Ескертпе

- Құрылғыға қосылым шамамен 5 минут ішінде орнатылмаса, құрылғы өшіріледі. Жұптастыру әрекетін қайталаңыз.
- Осы құралмен ең көбі 8 Bluetooth® құрылғысын жұптастыруға болады. Егер 9-құрылғы жұптастырылса, қосылымы есқі құрылғы ауыстырылады. Оны пайдалану үшін жұптастыру әрекетін қайталаңыз.

## Жұптастырылған Bluetooth® құрылғысын қосу

### 1 Осы құралды қосыңыз.

- Осы құралдың [①] түймесін жарық диоды (кек түс) жыпылықтағанша, шамамен 3 секунд басып тұрыңыз.
- Дыбыстық сигнал шығып, жарық диоды (кек түс) баяу жыпылықтайды.

### 2 “Қосылым үшін осы құралды Bluetooth® құрылғысымен жұптастыру (tirkay)” бөлімінің 2 және 3-қадамын орындаңыз. (→ 9)

- Жарық диоды (кек түс) шамамен 2 секунд сайын екі рет жыпылықтаған кезде, жұптастыру (tirkay) аяқталады. (Қосылым орнатылды)

### Ескертпе

• Бұл құралдың жадында соңғы рет қосылған құрылғы сақталады. Қосылым 1-қадамнан кейін автоматты тұрде орнатылуы мүмкін (жоғарыда қараңыз).

• Құрылғыға қосылым шамамен 5 минут ішінде орнатылmasa, құрал өшіріледі. Құралды қайта қосыңыз.

# Музыка тыңдау

Егер Bluetooth® функциясы бар құрылғыда “A2DP” және “AVRCP” Bluetooth® профильдеріне қолдау көрсетілсе, музыканы құралдағы қашықтан басқару операциялары арқылы ойнатуға болады.

- A2DP (Жетілдірілген аудио тарату профилі (Advanced Audio Distribution Profile)): Аудионы құралға жібереді.
- AVRCP (Аудио/бейнені қашықтан басқару профилі (Audio/Video Remote Control Profile)): Құрал арқылы құрылғыны қашықтан басқаруға мүмкіндік береді.

## 1 Bluetooth® құрылғысы мен құралды қосыңыз. (→ 9, “Bluetooth® құрылғысын қосу”)

### 2 Bluetooth® құрылғысында музыканы таңдап, ойнатыңыз.

- Құрылғының құлакқаптары музыканы немесе ойнатылып жатқан бейненің дыбысын шығарады.
- Пайдалану уақыты:  
Максималды ойнату уақыты - шамамен 6 сағат. (Ол пайдалану шарттарына байланысты қысқаруы мүмкін.)

#### ■ Назар аударыңыз


- Құрал дыбыс деңгейіне байланысты дыбыс шығаруы мүмкін.
- Дыбыс максималды деңгейге жеткенде, музыка анық естілмейі мүмкін. Дыбыс деңгейін дыбыс анық естілмейінше азайтыңыз.

### Қашықтан басқару

Bluetooth® құрылғысын құрал арқылы басқаруға болады.

- Bluetooth® құрылғысына немесе қолданбаға байланысты, құралдағы түймелерді бассаңыз да, кейбір функциялар жауп бермеуі мүмкін немесе төменде берілген сипаттамалардан басқаша жұмыс істеуі мүмкін.

#### (Пайдалану әдісі)



Функция	Пайдалану
Ойнату / тоқтату	[①] түймесін басыңыз.
Дыбыс деңгейін арттыру	[+] түймесін басыңыз.
Дыбыс деңгейін азайту	[–] түймесін басыңыз.
Келесі тректің басына жылжу	[+] түймесін шамамен 2 секунд басып тұрыңыз.
Ағымдағы тректің басына оралу	[–] түймесін шамамен 2 секунд басып тұрыңыз.

#### Ескертпе

- Дыбысты 16 деңгейде реттеуге болады. Максималды немесе минималды дыбыс деңгейіне жеткен кезде дыбыстық сигнал шығады.

# Телефон арқылы қоңырау шалу

"HSP" немесе "HFP" Bluetooth® профиліне қолдау көрсетілетін Bluetooth® функциясы қосылған телефондар (ұялы телефондар немесе смартфондар) арқылы құралды қоңырау шалу үшін пайдалануға болады.

- HSP (Гарнитура профилі (Headset Profile)):

Бұл профильді құралдың микрофоны арқылы монофонды дыбыстарды қабылдау және екі жақты байланысты орнату үшін пайдалануға болады.

- HFP (Динамик арқылы байланыс профилі (Hands-Free Profile)):


HSP функцияларына қоса, бұл профильде кіріс және шығыс қоңырау шалу функциясы бар.

(Бұл құралдың Bluetooth® функциясы қосылған телефонына қарамастан телефон арқылы қоңырау шалуға мүмкіндік беретін функциясы жоқ.)

## 1 Bluetooth® құрылғысы мен құралды қосыңыз. (→ 9, “Bluetooth® құрылғысын қосу”)

## 2 Құралдағы [①] түймесін басып, кіріс қоңырауына жауап беріңіз.

- Кіріс қоңырауы келіп түскенде, рингтон құлаққап арқылы естіліп, жарық диоды жыптылықтайды.
- (Тек HFP) Кіріс қоңырауын қабылдамау үшін, [①] түймесін екі рет жылдам басыңыз.



## 3 Сөйлесуді бастаңыз.

- Сөйлесіп жатқанда, жарық диоды 2 рет жыптылықтайды.
- Дыбыс деңгейін телефонмен сөйлесіп жатқанда реттеуге болады. Параметр нұсқауларын 11 беттен караңыз.

## 4 Телефонмен сөйлесіп болған соң, аяқтау үшін [①] түймесін басыңыз.

- Дыбыстық сигнал шығады.

## Ескертке

- Динамик арқылы байланыс параметрін Bluetooth® функциясы қосылған телефонда орындау қажет болатын жағдайлар болуы мүмкін.
- Bluetooth® функциясы қосылған телефонға байланысты, телефондағы кіріс және шығыс қоңырау рингтондары құралдан естілуі мүмкін.
- (Тек HFP) Құрал айналадағы шу қатты болғанда немесе сыртта не қатты жел үроп тұрған басқа да жерлерде қолданылса, телефонмен сөйлескен кезде, есту қыын болуы мүмкін. Бұл жағдайда қоңырауды жалғастыру үшін қоңырау шалынатын орынды өзгертиңіз немесе қоңырау шалынатын құрылғыны Bluetooth® қосулы телефонға ауыстырыңыз. (Косу үшін құралдағы [①] түймесін екі рет жылдам басыңыз.)
- Құралдың микрофоны мен Bluetooth® функциясы қосулы телефонның қолданбасы арқылы Bluetooth® функциясы қосылған телефоннан қоңырау шалуға болады. (→ 13, “Дауысты функцияны белсендіру”)

# Пайдалы функциялар

## Дауысты функцияны белсендір

Құралдағы түймені пайдаланып, Siri немесе басқа дауыстық функцияларды белсендіруге болады.

- 1 Bluetooth® құрылғысы мен құралды қосыңыз. (→ 9, “Bluetooth® құрылғысын қосу”)**
- 2 Аудистыру үшін, құралдың [①] түймесін екі рет жылдам басыңыз.**
  - Bluetooth® құрылғысындағы дауыстық функция белсендірледі.

### Ескертпе

- Дауыстық функция пәрмендері туралы мәліметтерді Bluetooth® құрылғысына арналған пайдалану нұсқауларынан қараңыз.
- Дауыстық функция смартфон сипаттамалары мен қолданба нұсқасына байланысты жұмыс істемеү мүмкін.

## Нұсқа беретін хабарлар

Құралдың өшіру, Bluetooth® құрылғысын қосу немесе параметрді өзгерту сияқты жағдайларда дұбыстық хабарландырумен қамтамасыз ететін функциясы бар.

- Құралдың аудио нұсқа беретін хабарлары ағылшын және француз тілінде қолжетімді.
- Нұсқа беретін дұбыстық функцияны өшіру мүмкін емес.
- Нұсқа беретін дұбыстық хабарлардың дыбыс деңгейін реттеу мүмкін емес.

### ■ Аудио нұсқау тілін аудистыру

[①] және [-] түймелерін кемінде 5 секунд басып тұрыңыз.

## Батарея қуатының деңгейі туралы хабарландыру

- Құрал өшірүлі болған кезде, батарея зарядының деңгейін көрсететін ағылшын тіліндегі нұсқау хабар естіледі.
- Құралды пайдалану кезінде батарея қуатының деңгейі тәмендей бастағанда, көк түсті жыпылықтайтын жарық диоды қызыл түске өзгереді. Дұбыстық сигнал әр 1 минут сайын шығады. Батарея қуаты таусылған кезде ағылшын тіліндегі нұсқау беретін хабар естіліп, қуат өшеді.
- Аудио нұсқауды ағылшын тілінен француз тіліне аудистыруға болады. (→ жоғарыда берілген)

## Автоматты түрде өшіру

Құрал Bluetooth® құрылғысына қосылмаса, оны пайдалануды тоқтатқаннан бастап шамамен 5 минуттан кейін құрал ағылшын тіліндегі нұсқау беретін хабар естіліп, құрал автоматты түрде өшеді.

- Аудио нұсқауды ағылшын тілінен француз тіліне аудистыруға болады. (→ жоғарыда берілген)

## Құралды қалпына келтіру

Барлық операцияларды қабылдамаған жағдайда, бұл құралды қалпына келтіруге болады. Құралды қалпына келтіру үшін [①] түймелерін 10 секунд немесе одан да көп уақыт басып тұрыңыз. Барлық алдынғы операциялардан бас тартылады. (Жұлтасатын құрылғы туралы ақпарат жоылмайды.)

## Зауыттық параметрлерді қалпына келтіру

Жұптасатын құрылғы туралы барлық ақпаратты және т.б. жою қажет болған жағдайда, құралды зауыттық параметрлеріне келтіруге болады (сатып алу кезіндегі бастапқы параметрлер). Құралды қалпына келтірмес бүрын, батареяны зарядтаңыз.

- 1 Құрал өшіп тұрғанда, жарық диоды көк және қызыл түспен кезек-кезек жыптылықтай бастағанша, [①] түймесін кемінде 5 секунд басып тұрыңыз.**
- 2 Жарық диоды көк және қызыл түспен кезек-кезек жыптылықтап тұрғанда, [+]** және **[–] түймелерін бір уақытта кемінде 5 секунд басып тұрыңыз.**

• Әдетті параметрлер жарық диоды (көк түс) жыптылықтап, құрал өшкеннен кейін қалпына келеді.

### ■ Назар аударыңыз

- Құрылғыны қайта жұптастыру кезінде, Bluetooth® құрылғысының мәзірінен тіркеу ақпаратын (Құрылғы: "RP-NJ310B") жойып, осы құралды Bluetooth® құрылғысымен қайта тіркеңіз. (→ 9)

## Авторлық құқық және т.б.

Bluetooth® мәтіндік белгісі мен логотиптері Bluetooth SIG, Inc. компаниясының иелігіндегі тіркелген сауда белгілері болып табылады және Panasonic Corporation мұнданай белгілерді лицензия бойынша пайдаланады.

Басқа сауда белгілері мен атаулары олардың тиісті иелерінің меншігі болып табылады.

Siri – Apple Inc. компаниясының АҚШ және басқа елдерде тіркелген сауда белгісі.

Осы құжатта кездесетін басқа жүйе атаулары мен өнім атаулары жалпы тіркелген сауда белгілері немесе тиісті дайындаушы компаниялардың сауда белгілері болып табылады.

TM белгісі мен ® белгісі бұл құжатта кездеспейтінін ескеріңіз.

## Ақаулықтарды жою

Қызметкө сұрау жібермес бұрын, келесі тексерулерді орындаңыз. Кейбір тексеру тармақтары бойынша күмәнің болса немесе көрсетілген құралдар мәселені шешпесе, нұсқау алу үшін дилерге хабарласыңыз.

### Дыбыс және аудио деңгейі

#### Дыбыс жоқ.

- Құрал мен Bluetooth® құрылғысының дұрыс қосылғанына көз жеткізіңіз. (→ 9)
- Bluetooth® құрылғысында музыка ойнатылып жатқанына көз жеткізіңіз.
- Құрал қосулы екеніне және дыбыс деңгейі тым төмен орнатылмағанына көз жеткізіңіз.
- Bluetooth® құрылғысы мен құралды қайта жұптастырып, қосыңыз. (→ 9)
- Bluetooth® функциясы бар құрылғыда "A2DP" профиліне қолдау көрсетілетініне көз жеткізіңіз. Профильдер туралы толық ақпаратты "Музыка тыңдау" белімінен қараңыз (→ 11). Сондай-ақ Bluetooth® функциясы бар құрылғының пайдалану нұсқаулығын қараңыз.

#### Төмен дыбыс деңгейі.

- Құралдың дыбыс деңгейін арттырыңыз. (→ 11)
- Bluetooth® құрылғысындағы дыбыс деңгейін арттырыңыз.

#### Құрылғыдан шықкан дыбыс үзіледі. / Шу деңгейі жоғары. / Дыбыс сапасы нашар.

- Егер сигналдар бұғатталған болса, дыбыс үзіліу мүмкін. Осы құралды алақанызыбен және т.б. заттармен толық жаппаңыз.
- Құрылғы 10 метрлік байланыс ауқымынан тыс болуы мүмкін. Құрылғыны осы құралға жақындастырыңыз.
- Осы құрал мен құрылғының арасындағы кез келген кедергіні алып тастаңыз.
- Пайдаланылмаған кезде кез келген сымсыз LAN құрылғысын өшіріңіз.

### Bluetooth® құрылғысының қосылымы

#### Құрылғыны қосу мүмкін емес.

- Осы құралмен ең көбі 8 Bluetooth® құрылғысын жұптастыруға болады. Егер 9-құрылғы жұптастырылса, қосылымы ескі құрылғы ауыстырылады.
- Bluetooth® құрылғысынан осы құралға арналған жұптастыру ақпаратын жойыңыз, содан кейін оларды қайта жұптастырыңыз. (→ 9)

### Телефон қоныраулары

#### Екінші адамды есту мүмкін емес.

- Құрал мен Bluetooth® функциясы қосылған телефонның іске қосылғанына көз жеткізіңіз.
- Құрал мен Bluetooth® функциясы қосылған телефонның жалғанғанына көз жеткізіңіз. (→ 9)
- Bluetooth® қосылған телефонның аудио параметрлерін тексеріңіз. Қонырау шалу құрылғысы Bluetooth® функциясы қосылған телефонға орнатылған болса, оны құралға ауыстырыңыз. (→ 9)
- Екінші адамның дауысы тым жай естілсе, құрал мен Bluetooth® функциясы қосылған телефон екеуінің де дыбыс деңгейін арттырыңыз.

#### Телефон арқылы қонырау шалу мүмкін емес.

- Bluetooth® функциясы бар құрылғыда "HSP" немесе "HFP" профиліне қолдау көрсетілетініне көз жеткізіңіз. Профильдер туралы толық ақпаратты "Музыка тыңдау" (→ 11) және "Телефон арқылы қонырау шалу" (→ 12) белімдерінен қараңыз. Сондай-ақ Bluetooth® функциясы қосылған телефонның пайдалану нұсқаулығын қараңыз.

## Жалпы

### Құрал жауап бермейді.

- Барлық операцияларды қабылдамаған жағдайда, бұл құралды қалпына келтіруге болады. Құралды қалпына келтіру үшін [①] түймелерін 10 секунд немесе одан да көп уақыт басып тұрыңыз. (→ 13)

## Қуат көзі және зарядтау

**Құралды зарядтау мүмкін емес. / Жарық диоды зарядтау кезінде жанбайды немесе жыптылтытамайды. / Зарядтау ұзақ уақыт алады.**

- USB зарядтау сымы компьютердің USB клеммасына мықтап жалғанған ба? (→ 7)
- 10 °C - 35 °C аралығындағы бөлме температурасында зарядталуын қадағалаңыз.
- Компьютер қосулы екеніне және күту немесе дыбыссыз режимде еместігіне көз жеткізіңіз.
- Ағымда пайдаланылып жатқан USB порты дұрыс жұмыс істеп тұр ма? Компьютерде басқа USB порттары болса, коннекторды ағымдағы порттан ажыратып, басқа порттардың біріне жалғаңыз.
- Жоғарыда аталған шаралар қолданылмаса, USB зарядтау сымын ажыратып, оны қайтадан жалғаңыз.
- Бос батареяны толығымен зарядтау шамамен 2 сағат алады.
- Зарядтау уақыты мен жұмыс уақыты қыскарса, батарея қуаты таусылған болуы мүмкін. (Орнатылған батареяны зарядтау саны: шамамен 300 рет)
- Зарядтау кезінде жарық диоды қызыл түспен жанады. Зарядтау процесі аяқталғанда, жарық диоды сөнеді.

**Қуат берілмейді. / Қуат өшіп қала береді.**

- Құрал зарядталып жатыр ма? Зарядтау кезінде қуатты ҚОСУ мүмкін емес. (→ 7)
- Батареяның қуаты төмендегендеге, жарық диоды қызыл түспен жыптылтытайды. Құралды зарядтаңыз.
- Автоматты түрде өшіру функциясы белсенді ме? (→ 13)

## Нұсқау беретін хабарлар

**Аудио нұсқау тілі өзгерді.**

- Аудио нұсқау тілін ауыстыруға болады. (→ 13)

# Техникалық сипаттамалар

## ■ Жалпы

Қуат көзі	TT 5 В, 0,7 Вт (Ішкі батарея: 3,7 В (Литий полимерлі 110 мА/сағ))
Жұмыс уақыты <sup>*1</sup>	Шам. 6 сағат
Зарядтау уақыты <sup>*2</sup> (25 °C)	Шам. 2 сағат
Зарядтау температурасының ауқымы	10 °C - 35 °C
Жұмыс температурасының ауқымы	0 °C - 40 °C
Жұмыс ылғалдылығының ауқымы	35 % СЫ - 80 % СЫ (конденсатсыз)
Жетек құралдары	9 мм
Салмақ	Шам. 14 г

\*1 Пайдалану шарттарына байланысты қысқа болуы мүмкін.

\*2 Батарея қуатын бос күйден толық күйге дейін зарядтауға қажет уақыт.

## ■ Bluetooth® бөлімі

Bluetooth® жүйесінің техникалық сипаттамасы	4.2 нұс.
Сымсыз жабдық класификациясы	2 -клас (2,5 мВт)
Жиілік ауқымы	2402 МГц - 2480 МГц
Радиожиіліктің максималды қуаты	4 дБм
Қолдау көрсетілетін профильдер	A2DP, AVRCP, HSP, HFP
Қолдау көрсетілетін кодек	SBC
Жұмыс қашықтығы	10 м-ге дейін

## ■ Клемма бөлімі

TT кіріci	TT 5 В, 0,7 Вт
-----------	----------------

## ■ Микрофон бөлімі

Түрі	Моно
------	------

## ■ Керек-жарақ

USB зарядтау сымы	Шам. 0,1 м
-------------------	------------

- Техникалық сипаттамалар ескертүсіз өзгертілуі мүмкін.

# Осы құралды қоқысқа таставу кезінде батареяны алу үшін

Келесі нұсқаулар осы құралды жөндеу емес, қоқысқа таставу мақсаттарына арналған. Бұл құрал бөлшектегеннен кейін қалпына келтірілмейді.

- Осы құралды қоқысқа таставу кезінде, құралға орнатылған батареяны алып, оны қайта өндөңіз.

## ■ Қайіпті

Қайта зарядталатын батарея арнайы осы өнімге арналғандықтан, оны басқа құрылғы үшін қолданбаңыз.

Алынған батареяны зарядтамаңыз.

- Қыздырмаңыз немесе жалынға жақындаатпаңыз.
  - Батарея(лар) ды есіктері мен терезелері жабық, күннің сәулесі тікелей түсіп тұрган көліктің ішіне қалдымашыңыз.
  - Батареяны тырнақпен теспеніз, соққыға ұшыратпаңыз не бөлшектеменіз немесе өзгертпеніз.
  - Сымдардың басқа металға немесе бір-біріне тиіп кетуіне жол берменіз.
  - Батареяны алқа, шаш қыстырығыш немесе осы сияқты заттармен бірге ұстамаңыз немесе сақтамаңыз.
- Бұл батареяның қызына, тұтануына немесе жарылуына себеп болуы мүмкін.

## ■ Ескерту

Алынған батареяны және басқа заттарды балалардың қолы жететін жерге қоймаңыз.

Мұндай затты кездейсоқ жұтып қою ағзага кері әсер етуі мүмкін.

- Осындай затты жұтып қойған жағдайда, дереу дәрігерге хабарласыңыз.

**Батареядан сұйықтық ақжан жағдайда, келесі шараны қолданып, сұйықтықты жалаңаш қолмен ұстамаңыз.**

Көзге түсken сұйықтық көру қабілетінен айырылуға себеп болуы мүмкін.

- Көзді уқаламастан дереу сүмен жуыңыз, содан кейін дәрігерге хабарласыңыз.


Денеге немесе күмдерге тиген сұйықтық терінің қабынуына немесе жарақаттануына себеп болуы мүмкін.

- Таза сүмен жеткілікті түрде шайыңыз, содан кейін дәрігерге хабарласыңыз.

Қайта зарядталатын литий-иондық полимерлі батарея корпусқа кіріктірілген. Жергілікті ережелерге сәйкес қоқысқа тастаныз. Осы өнімді қоқысқа таставу кезінде, келесі процедура арқылы дұрыс бөлшектеп, ішкі қайта зарядталатын батареяны алыңыз.

- Батарея қуаты таусылғаннан кейін бөлшектеніз.

Батареяны қоқысқа таставу кезінде, қоқысқа таставаудың дұрыс әдісі туралы білу үшін жергілікті өкілдерге немесе дилеріңізге хабарласыңыз.



- 1 Батарея корпусының ішіне бастиеңі жазық бұрағышты (сатылатын) салыңыз.**
  - Бұрағыштың үшінә саусақтарынызды жақындаңпаңыз.
  - Батарея корпусының саңылауына сейкес келетін бұрағышты пайдаланыңыз. Егер ол тым кішкентай болса, батарея корпусы дұрыс ашылмайды.
- 2 Иінтірекке арналған бұрауышты пайдаланып, жоғарғы қақпақты **A** жоғары қарай итеріңіз.**
  - Батареяға бұрауыштың тиіп кетуіне жол берменіз.
- 3 Батареяны **B** ұстап, алып тастаңыз.**
- 4 Батареяны **B** алып, сымдарын қайшымен бірінен кейін бірін кесу арқылы батарея корпусынан бөліп алыңыз.**
  - Алынған батареяның сым бөліктерін целлофан таспамен оқшаулаңыз.
  - Батареяны зақымдамаңыз немесе бөлшектеменіз.

## ТҰТЫНУШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН АҚПАРАТ

**Өнімнің атаяуы:** Сандық сымсыз стерео Құлақаспап

**Өндіріс елі:** Қытайда

**Өндіруші (аты және мекен-жайы):** Панасоник Корпорейшн

1006 Кадома, Осака, Жапония

Дайындау күні кодты турде көрсетілген: 7AXX немесе 20170125

Код бойынша күні анықталады. Мысалы:

1) 7AXX (Х- кез-келген сан немесе әріп) -- Қантар 2017

Жылды: кодтағы бірінші белгі (7-2017, ... 9-2019, 0-2020, ... 6-2026)

Айы: кодтағы екінші белгі (А-қантар, В-ақпан,...L-желтоқсан)

2) 20170115 (жылды, айы, күні) -- 15 Қантар 2017

**Қосымша ақпарат:** осы өнімді пайдалану алдында пайдалану нұсқауларын оқып шығыңыз.

Өндірушінің «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Ресей

Федерациясының Федералды Заңының 5 бап, 2 тарауына сәйкес белгіленген

өнімнің жұмыс атқару уақыты оның шығарылуынан бастап 1 жылға сәйкес келеді

және осы мерзім ішінде ол осы нұсқауларға және техникалық стандарттарға

сәйкес болуы тиіс.

Импорттауышы

«Панасоник Рус» ЖШҚ, РФ, 115191, Мәскеу қ., Большая Тульская к-сі, 11 үй, 3 қабат.

Тел. 8-800-200-21-00

Тұтынушылардың наразылықтарын алуға өндіруші рұқсат берген үйім

Қазақстан Республикасының аумағында өнім сапасы бойынша шағымдарды қабылдауға үәкілетті үйім:

Панасоник Маркетинг ТМД АҚ Әкілдігі, Қазақстан, 050010, Алматы қ., Достық даңғылы, 192, 3-ші қабат

Panasonic ақпараттық орталығы:

+7 (727) 330-88-07 – Алматы қ. мен Қыргызстаннан қонырау шалу үшін.

8-800-0-809-809 – Қазақстан аумағында жергілікті ұялы байланыс пен қалалық операторларынан тегін қонырау шалу.

Организация, уполномоченная на принятие претензий по качеству продукции на территории Республики Казахстан:

Представительство АО Панасоник Маркетинг СНГ, Казахстан, 050010, г. Алматы, проспект Достық, 192, 3-й этаж.

Информационный центр Panasonic:

+7 (727) 330-88-07 – для звонков из г. Алматы и Киргизстана.

8-800-0-809-809 – бесплатный звонок с городских и мобильных телефонов местных сотовых операторов в пределах Казахстана.



## ӨНІМДІ СЕРТИФИКАТТАУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Сандық сымсыз стерео Құлақаспал “Panasonic”

модельдері RP-NJ310B\*

**СЕРТИФИКАТТАЛҒАН ТЕСТБӘТ СО 119334, Мәскеу, Андреев жағалауы, 2 үй**

«» - өнімнің түсі мен нарығын аныктайтын әрілтер мен сандар жиынтығы

<b>Сәйкестену сертификаты :</b>	<b>№ ЕАЭС RU C-JP.ME10.B.00053/19</b>
<b>Сәйкестену сертификатының берілген күні:</b>	<b>30.01.2019</b>
<b>Сертификаттың жарамдылық мерзімі:</b>	<b>29.01.2024</b>

Өндіруші:

Panasonic Corporation 1006, Oaza Kadoma, Kadoma-shi, Osaka, 571-8501 Japan

Панасоник Корпорэйшн 1006, Оаза Кадома, Кадома-ши, Осака, 571-8501 Жапония

Made in China

Қытайда жасалған

Өндірушінің «Тұтынушылардың құқықтарын қорға туралы» Ресей

Федерациясының Федералды Занының 5 бап, 2 тарауына сайкес белгіленген

өнімнің жұмыс атқару уақыты оның шығарылуынан бастап 1 жылға сәйкес келеді

және осы мерзім ішінде ол осы нұсқауларға және техникалық стандарттарға

сәйкес болуы тиіс.

< Ескерту >

Егер басқа құжаттарда өзге заттар көрсетілмесе, төмендегі ережелерді үстаныңыз

1. Құралды қатты тегіс бетке орналастырының, тек ақыратылатын немесе алынбайтын бөлшектерден басқа

2. Құрғак хабық жерде сақтаңыз.

3. Тасымалдау кезінде лақтырмалы, артық сілкінуге және басқа заттарға соғылуға жол берменіз.

4. Ұлттық және/немесе жергілікті заңдарға сәйкес кәдеге жараты

Пайдаланудың ережелері мен шарттары өндірушімен орнатылмаган және тауар пайдаланатын елдің жергіліктерінде ол осы нұсқауларға және техникалық стандарттарға сәйкес болуы керек

Казахстан Республикасының аумағында өнім сапасы бойынша шағымдарды қабылдауға уәкілдепті үйім:

Панасоник Маркетинг ТМД АҚ өкілдігі, Қазақстан, 050010, Алматы қ., Достық даңғылы, 192, 3-ші қабат

Panasonic әкпараттық орталығы:

+7 (727) 330-88-07 – Алматы қ. мен Қыргызстаннан қоңырау шалу үшін.

8-800-0-809-809 – Қазақстан аумағында жергілікті ұялы байланыс пен қалалық операторларынан тегін қоңырау шалу.

Организация, уполномоченная на принятие претензий по качеству продукции на территории Республики Казахстан:

Представительство АО Панасоник Маркетинг СНГ , Казахстан, 050010, г. Алматы, проспект Достык, 192, 3-й этаж.

Информационный центр Panasonic:

+7 (727) 330-88-07 – для звонков из г. Алматы и Киргизстана.

8-800-0-809-809 – бесплатный звонок с городских и мобильных телефонов местных сотовых операторов в пределах Казахстана.

---

Panasonic Corporation

<http://www.panasonic.com>

© Panasonic Corporation 2019

(Kk)

TQBM0442  
F0219SY0